

«Қазіргі жастардың өміріндегі діннің рөлі»

14.03.2024 ж. күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде «Қазіргі жастардың өміріндегі діннің рөлі» тақырыбында студенттермен кездесу өтті.

Кездесуде Дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушылары Ә.Нұрахметов пен М.Қайдар дәріс оқыды. Мамандар студенттерге қазіргі таңда терроризм мен экстремизм мәселесі қоғам үшін ең күрделі мәселелердің бірі болып қалып отырғанын түсіндірді. Зайырлы қоғамда діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, оның ішінде зорлықпен дінге шақыруға, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни тәжірибені қолдануға жол берілмейтінін ескертті. Кездесу барысында дінтанушылар ислам діні мен қазіргі қоғамдағы дін мәселелеріне де тоқталды. Студенттер осы тақырып бойынша көптеген пайдалы ақпараттар алды.

Сөз соңында дінтанушылар жастарды өз елінің патриоты болуға, дәстүрлі ұлттық құндылықтарды бұзатын, санасын улайтын теріс деструктивті діни ағымдардан аулақ болып, оларға тойтарыс беруге шақырды.



